

*Бекітемін:
«Күншуақ» жеке меншік
бөбекжай- балабақшасы»
әдіскері А.Ә.Жақсылықова*

" Қарты бар үйдің қазынасы бар!"

(МАТ «Алтын сақа» тобының ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті))



Тәрбиеші: Жамишова Г

Таушық ауылы, 01.10.2024 жыл.

ҰОІӘ тақырыбы: « Қарты бар үйдің қазынасы бар»

ҰОІӘ мақсаты. Балаларға адамгершілікке, қайырымдылыққа, жақсы үлгі-өнегеге, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор, болу қасиеттеріне, мейірімділікке, қарияларды құрметтеуге тәрбиелеу, ұнамды-ұнамсыз, әдепті-әдепсіз қылықтарды ажырата білуге үйрету .

Оқушы бойына адамгершілік, парасаттылық қасиеттерін қалыптастыру

ҰОІӘ көрнекілігі: Слайдтар, нақыл сөздер, өлеңдер

I. ҰОІӘ барысы

Психологиялық дайындық

Шатты шеңбері

Көп жасаған қария,

Ақылы теңіз – дария.

Көп өнеге сөзі бар,

Сөзі соқпақ, өзі нәр.

Ата салты – ардақты

Сол сөздерді ұқпасақ,

Тістерсің бір күн бармақты, -дегендей, қариялардың кеудесі – алтын сандық. Ол сандықта атадан балаға жалғасып келе жатқан имандылық, қайырымдылық, адамгершілік қасиеттері тұнып тұр.

Тәрбиеші: Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, әдеп, инабат үрдістерінің қаншалықты кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен, олардың жекелеген отбасында өркен жаюына, яғни баланың ата-анасын жан-жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап, инабат тағылымымен үлкендерге деген қарым-қатынастарында оны мүлтіксіз жүзеге асырылуына байланысты. Қарттарды құрметтемейтін, олардың алдындағы перзенттік парызын үлкен ынтамен орындамайтын, әдептілік, кішіпейілділік, сергек сезімталдық көрсетпейтін, бұл қасиеттер қанына сіңіп, жүрегіне ұяламаған ұрпақтан не опа, не қайыр?!

Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Өз отбасынан жылу таппаған қаншама қарттарымыз қарттар үйлерінде өмірлерін жалғастыруда. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан- жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кеіуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді қарттар күні саналы гұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын аға- апаларымыздың төл мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына. Қарттар – біздің асыл қазынамыз

«Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер» деген мақал текке айтылмаса керек.

Көне тәмсілдегі:

« Бір бала бар – атаға жете туады,

Бір бала бар – атадан өте туады,

Бір бала бар – кері кете туады» деген тұжырымға, баланың қандай

болмағына негіз қалайтын да әкенің өзі.

Негізгі бөлім:

Тәрбиеші: Ертеде бір үлкейген қарт қатты сырқаттанып жатса, жалғыз ұлы келіп:- Әке, мен сені айшылық жерде аты шыққан тәуіпке апарып емдетемін, – депті. Сөйтіп әкесін арқасына салып, жолға шығыпты. Олар ұзақ жүріпті, қас қарайған кезде алдыдан қарауытқан сұлбаны көрсетіп әкесі:

- «балам анау не?» деп сұрапты.

- «ол – түйе» – деп жауап беріпті. Сәлден кейін әкесі әлгі қарайған нәрсенің не екенін тағы сұрапты. Бала әуелгі жауабын қайталапты. Әкесі осы сауалын үшінші рет қайталап сұрағанда баласы:

- «Ол – түйе, түйе!» Өзім шаршап келе жатқанда, неге сұрай бересің? – деп ренжіпті. Сонда әкесі:

- «Балам, кішкене кезіңде мен ауыртірліктен шаршап келіп отырсам да, сенің «Анау не, мынау не?» деп күніне жүз рет сұрайтын сұрағыңа беті қайтпасын, жігері жасымасын деп үнемі жауап беретінмін. Бұл аурудан емделейін деген ойым жоқ еді, тек бетіңді қайтармайын деп көнгенмін, енді сенен сөз естігенше, үйіме барып, ажалға мойын ұсынғаным артық, мені жерге түсір» депті.

Сұрақ-жауап :

-Бұл әңгімеден қандай әсер алдыңдар?

-Әңгімеде қандай кейіпкерлер бар?

Тәрбиеші: Міне, балалар, ата-әжемiз бар, әке-шешемiз бар бiздер бақыттымыз. Бүгiнгiдей егемендi елде қайғы-қасiретсiз, еркiн өмiр сүрiп жатқанымыздың өзi осы қарияларымыздың арқасы екенiн ұмытпауымыз керек.

IV. Қорытынды

Тәрбиеші : Ата-ананы сыйлау – адамгершіліктің ең басты қағидасы. Сол ата-ана балаға бар өмірін арнайды. Ата-ананың адам өміріндегі орны ерекше. Халықта «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаңда оның жақсылығын қайтара алмайсың» – деген сөз бар. Бұл ата-ана еңбегінің өлшеусіз екенін көрсетеді. Ата-ана тіпті қартайып, аяқ-қолынан әл кеткен кезде де оған «ищай» деуге балаларының қақысы жоқ. Міне, балалар, бiз өзiмiздiң ата-әжелерiмiздiң алдында, аға ұрпақтың алдында үлкен қарыздармыз. Ол қарыздарымызды тек қана жақсы тәрбиемiз арқылы, адамгершiлiгi мол, мейiрiмдi болу арқылы ғана, оларды көрген жерде құрметтеп сыйлау арқылы ғана қайтара аламыз. Бұл қасиеттер ешқандай да ақшаға сатып ала алмайтын байлық. Ол тек адамның жүрегiнде орын алатын қасиет. Олай болса, алдағы өмiрлерiңде жүрегi кең, адал, мейiрiмдi, қайырымды азамат болып өсiңдер!

